

**"Акциздік бекеттің қызметін ұйымдастыру қағидаларын бекіту туралы"  
Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2018 жылғы 26 қаңтардағы № 76  
бұйрығына өзгерістер енгізу туралы**

*Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары - Қаржы министрінің 2022 жылғы 14 сәуірдегі № 412 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2022 жылғы 14 сәуірде № 27574 болып тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2025 жылғы 9 қазандағы № 586 бұйрығымен.

**Ескерту. Бұйрықтың күші жойылды - ҚР Қаржы министрінің 09.10.2025 № 586 (01.01.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

**БҰЙЫРАМЫН:**

1. "Акциздік бекеттің қызметін ұйымдастыру қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2018 жылғы 26 қаңтардағы № 76 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 16361 болып тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:

бұйрықтың кіріспесі мынадай редакцияда жазылсын:

""Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасы Кодексінің (Салық кодексі) 172-бабы 15-тармағының 3) тармақшасына сәйкес БҰЙЫРАМЫН:";

Көрсетілген бұйрықпен бекітілген Акциздік бекеттің қызметін ұйымдастыру қағидаларында:

1 және 2-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Осы Акциздік бекеттің қызметін ұйымдастыру қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасы Кодексінің (Салық кодексі) 172-бабы 15-тармағының 3) тармақшасына сәйкес әзірленді және акциз бекеттерінің қызметін ұйымдастыру тәртібін айқындайды.

2. Акциз бекеттері этил спирті мен алкоголь өнімін (сыра қайнату өнімінен басқа), бензинді (авиациялық бензинді қоспағанда), дизель отынын, газохолды, бензолды, мұнай еріткішін, жеңіл көмірсулардың қоспаларын, экологиялық отынды және темекі бұйымдарын өндіруді жүзеге асыратын салық төлеушінің аумағына орнатылады.";

6-тармақтың үшінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"Акциз бекетінде болу нәтижесі бойынша осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша этил спирті және алкоголь өнімдерін өндірушінің акциз бекетінде болу актісі немесе бензинді (авиациялық бензинді қоспағанда), дизель отынын, газохолды, бензолды, мұнай еріткішін, жеңіл көмірсулардың қоспаларын, экологиялық отынды өндірушінің акциз бекетінде болу актісі толтырылады.";

7-тармақта:

2) тармақшада:

екінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

"Этил спирті мен алкоголь өнімінің өндірілуін және айналымын мемлекеттік реттеу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 4-бабы 2-тармағының 4) тармақшасына және Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2016 жылғы 16 наурыздағы № 126 бұйрығымен бекітілген "Мұнай өнімдерін өндірушілердің өндірістік объектілерінің, мұнай өнімдері базаларының резервуарларын және автожанармай құю станцияларын (жылжымалы үлгідегі автожанармай құю станцияларынан басқа) есепке алатын бақылау аспаптарымен жарактандыру қағидалары мен талаптарына" (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 13607 болып тіркелген) сәйкес есепке алудың бақылау аспаптарының жұмысын;"

он төртінші және он бесінші абзацтар мынадай редакцияда жазылсын:

"бензинді (авиациялық бензинді қоспағанда), дизель отынын, газохолды, бензолды, мұнай еріткішін, жеңіл көмірсулардың қоспаларын, экологиялық отынды араластыруды жүзеге асыратын ұйымдардағы кіргізу және (немесе) шығару құбыр желілері крандарының (бұрандаларының);

Бензинді (авиациялық бензинді қоспағанда), дизель отынын, газохолды, бензолды, мұнай еріткішін, жеңіл көмірсулардың қоспаларын, экологиялық отынды босату (өткізу) крандарының пломбалануын;"

4) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"4) дайын өнімнің, есепке алу-бақылау маркаларының немесе сәйкестендіру құралдарының қозғалысын бақылауды жүзеге асырады.";

8-тармақтың 4) тармақшасының тоғызыншы абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"бензинді (авиациялық бензинді қоспағанда), дизель отынын, газохолды, бензолды, мұнай еріткішін, жеңіл көмірсулардың қоспаларын, экологиялық отынды босату (өткізу) крандарына пломба салуға.";

12-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"12. Лауазымды тұлға акциз бекетінде егер ол жеке басты куәландыратын құжатта көрсетілсе кейінгі жұмыс күні осы Қағидаларға 4-қосымшаға сәйкес нысан бойынша акциз бекеті бойынша (толысылған шараптан басқа) этил спирті

және (немесе) алкоголь өнімдерін өндіру мен өткізу көлемдері бойынша есепті, осы Қағидаларға 5-қосымшаға сәйкес нысан бойынша бензинді (авиациялықты қоспағанда) және дизель отынын, газохолды, бензанолды, мұнай еріткішін, жеңіл көмірсулардың қоспаларын, экологиялық отынды өткізу (тиеп жөнелту) көлемдері туралы есепті, осы Қағидаларға 6-қосымшаға сәйкес нысан бойынша темекі өнімдерін өндіретін кәсіпорындардың темекі өнімдерін өндіру, өткізу (оның ішінде экспорт) және импортының көлемдері туралы есепті ақпараттық жүйе арқылы Комитетке беруді қамтамасыз етеді.";

1, 2, 4, 5, 6, 7-қосымшалары осы бұйрыққа 1, 2, 4, 5, 6, 7-қосымшаларға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

3-қосымшасының орыс тіліндегі мәтініне өзгеріс енгізіледі, қазақ тіліндегі мәтін өзгермейді.

2. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік кірістер комитеті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды;

3) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде осы тармақтың 1) және 2) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Заң қызметі департаментіне ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасы  
Премьер-Министрінің орынбасары -  
Қаржы министрі*

*Е. Жамаубаев*

Қазақстан Республикасы  
Премьер-Министрінің  
орынбасары -  
Қаржы министрінің  
2022 жылғы 14 сәуірдегі  
№ 412 бұйрығына  
1-қосымша  
Акциздік бекеттің қызметін  
ұйымдастыру қағидаларына  
1-қосымша

НЫСАН

**Этил спирті мен алкоголь өнімдерін өндірушінің акциз бекетінде болу актісі**

1-кесте



Бір жолғы бақылау пломбасының нөмірі	Пломбаның бар болуы		Болу уақытының аяқталуы	Лауазымды адамның тегі, аты, әкесінің аты (егер ол жеке басты куәландыратын құжатта көрсетілсе)	Лауазымды адамның қолы
	Иә	Жоқ			
12	13	14	15	16	17

Қазақстан Республикасы  
Премьер-Министрінің  
орынбасары -  
Қаржы министрінің  
2022 жылғы 14 сәуірдегі  
№ 412 бұйрығына  
2-қосымша  
Акциздік бекеттің қызметін  
ұйымдастыру қағидаларына  
2-қосымша

НЫСАН

### Акцизделетін тауарлардың жекелеген түрлерінің қалдығын алу актісі

Мен (бізбен) \_\_\_\_\_

(мемлекеттік кірістер органы қызметкерінің (қызметкерлерінің) тегі, аты, әкесінің аты (егер ол жеке басты куәландыратын құжатта көрсетілсе) лауазымы)

(салық төлеушінің атауы (бизнес сәйкестендіру нөмірі), салық төлеуші өкілінің тегі, аты, әкесінің аты (егер ол жеке басты куәландыратын құжатта көрсетілсе) (жеке сәйкестендіру нөмірі) қатысуымен қалдығын алу жүргізілді.

		Кезеңі (күні, уақыты)		Ескерту (алкоголь өнімі үшін- декалитр, темекі өнімдері үшін – мың дана, бензин, дизель отыны, газохол, бензанол, мұнай еріткіші, жеңіл көмірсулардың қоспалары,
			Аяқталды	

№	Акцизделетін тауарлардың түрі	Басталды		Саны (декалитр, мың дана, тонна )	экологиялық отын үшін – тонна)
1	2	3	4	5	6
1	Этил спирті				
2	Алкоголь өнімі ( сыра қайнату өнімінен басқа), оның ішінде алкоголь өнімдерінің түрлері бойынша				
3	Бензин ( авиациалық бензиннен басқа ) (оның ішінде түрлері бойынша)				
4	Дизель отыны				
5	Газохол, бензанол, мұнай еріткіші, жеңіл көмірсулардың қоспалары, экологиялық отын				
6	Темекі өнімдері, оның ішінде темекі өнімдерінің түрлері бойынша				

Мемлекеттік кірістер органы қызметкерінің тегі, аты, әкесінің аты (егер ол жеке басты куәландыратын құжатта көрсетілсе)

(қолы)

Мемлекеттік кірістер органы қызметкерінің тегі, аты, әкесінің аты (егер ол жеке басты куәландыратын құжатта көрсетілсе)



Құю желісінің нөмірі	Күннің басына			Күннің соңына								
	V (литр)	Бөтелке	ЕБТ-ң техникалық көру құралымен тіркелгені	V-(литр)	Бөтелке	ЕБТ -ң техникалық көру құралымен тіркелгені						
13	14	15	16	17	18	19						
Басқа жақтан келген немесе бұрын өткізілген өнімді кері қайтару				Есептік кезеңде заңды немесе жеке тұлғаларға жөнелтілген этил спирті мен алкоголь өнімі								
Кіріс түрі (басқа жақтан келген немесе кері қайтарылған)	Түрлері бойынша	Бөтелкенің сыйымдылығы (бөтелке құйылған алкоголь өнімінің үшін)	Декалитр	Жеткізушінің жеке сәйкестендіру нөмірі/ бизнес сәйкестендіру нөмірі	Жеткізуші заңды немесе жеке тұлғаның атауы	Түрі	Бөтелке данада (бөтелкеге құйылған алкоголь өнімі үшін)	Бөтелкенің сыйымдылығы (бөтелкеге құйылған алкоголь өнімі үшін)	Деклитр	Алушының ЖСН/БСН-і	Алушы заңды немесе жеке тұлғаның атауы	Күннің соңындағы өнімнің қалдығы
		20		21								

Орындаушы: \_\_\_\_\_

Тегі, аты, әкесінің аты (егер ол жеке басты куәландыратын құжатта көрсетілсе) байланыс телефон

Нысанды толтыру бойынша түсіндірме осы нысандағы қосымшада келтірілді

Акциздік бекеттің бойынша этил спирті және (немесе) алкоголь өнімінің (толысылған шараптан басқа) өндірісі мен өткізу көлемі бойынша есебінің нысанына қосымша

**Нысанды толтыру бойынша түсіндірме "Акциз бекеті бойынша этил спирті және (немесе) алкоголь өнімінің (толысылған шараптан басқа) өндірісі мен өткізу көлемі бойынша есебі"**

### 1. Жалпы ережелер

1. "Акциз бекеті бойынша этил спирті және (немесе) алкоголь өнімінің (толысылған шараптан басқа) өндірісі мен өткізу көлемі бойынша есебі" әкімшілік деректерді жинауға арналған нысан (бұдан әрі – Нысан) осы бұйрықпен бекітілген Акциз бекетінің қызметін ұйымдастыру қағидаларының 12-тармағына сәйкес әзірленді.

Нысанды жүргізудің негізгі мақсаты этил спирті және (немесе) алкоголь өнімінің (толысылған шараптан басқа) өндірісі мен өткізу көлемі бойынша деректерді алу.

2. Нысанды акциз бекетінде болғаннан кейінгі келесі жұмыс күні аумақтық мемлекеттік кірістер органдарының қызметкері толтырады, Нысанды ақпараттық жүйе арқылы Комитетке беруді қамтамасыз етеді.

3. Нысан этил спирті және (немесе) алкоголь өнімінің (толысылған шараптан басқа) өндіруші кәсіпорындар ұсынған деректердің негізінде толтырылады және ұсынылады.

## **2. Нысанды толтыру бойынша түсіндірме**

4. Нысандағы 1-бағанда жолдың реттік нөмірі көрсетіледі.

5. Нысандағы 2-бағанда өндіруші кәсіпорынның бизнес-сәйкестендіру нөмірі көрсетіледі.

6. Нысандағы 3-бағанда өндіруші кәсіпорынның толық атауы көрсетіледі.

7. Нысандағы 4-бағанда күннің басындағы өнім қалдығы көрсетіледі.

8. Нысандағы 5-бағанда Есепті кезеңде өндірілген өнімнің түрі көрсетіледі.

9. Нысандағы 6-бағанда есепті кезеңде өндірілген өнімнің атауы көрсетіледі.

10. Нысандағы 7-бағанда есепті кезеңде өндірілгені бөтелкенің саны (бөтелкеге құйылған алкоголь өнімі үшін) көрсетіледі.

11. Нысандағы 8-бағанда есепті кезеңде өндірілгені бөтелкенің сыйымдылығы (бөтелкеге құйылған алкоголь өнімі үшін) көрсетіледі.

12. Нысандағы 9-бағанда есепті кезеңде өндірілген өнімнің көлемі декалитрде көрсетіледі.

13. Нысандағы 10-бағанда бақылау спирт көлемін өлшейтін аппараттың нөмірі көрсетіледі.

14. Нысандағы 11-бағанда спиртті есеп алудың бақылау аспабының көрсеткіші – "сулы" көрсетіледі.

15. Нысандағы 12-бағанда спиртті есепке алудың бақылау аспабының көрсеткіші – "сусыз" көрсетіледі.

16. Нысандағы 13-бағанда құю желісінің нөмірі көрсетіледі.

17. Нысандағы 14-бағанда алкоголь өнімін есепке алудың бақылау аспабының күннің басындағы көрсеткіші V (литр) көрсетіледі.

18. Нысандағы 15-бағанда алкоголь өнімін есепке алудың бақылау аспабының күннің басындағы көрсеткіші бөтелкеде көрсетіледі.

19. Нысандағы 16-бағанда ЕБТ-ның техникалық көру құралымен тіркелген алкоголь өнімін есепке алудың бақылау аспабының күннің басындағы көрсеткіші көрсетіледі.

20. Нысандағы 17-бағанда алкоголь өнімін есепке алудың бақылау аспабының күннің соңындағы көрсеткіші V (литр) көрсетіледі.

21. Нысандағы 18-бағанда алкоголь өнімін есепке алудың бақылау аспабының күннің соңындағы көрсеткіші бөтелкеде көрсетіледі.

22. Нысандағы 19-бағанда ЕБТ-ның техникалық көру құралымен тіркелген алкоголь өнімін есепке алудың бақылау аспабының күннің соңындағы көрсеткіші көрсетіледі.

23. Нысандағы 20-бағанда алкоголь өнімнің кіріс түрі (басқа жақтан келген немесе кері қайтарылған) көрсетіледі.

24. Нысандағы 21-бағанда басқа жақтан келген өнімнің немесе бұрын өткізілген өнімді кері қайтару түрлері бойынша көрсетіледі.

25. Нысандағы 22-бағанда басқа жақтан келген немесе бұрын өткізілген өнімді кері қайтарылған бөтелкенің сыйымдылығы (бөтелкеге құйылған алкоголь өнімі үшін) көрсетіледі.

26. Нысандағы 23-бағанда басқа жақтан келген өнімнің немесе бұрын өткізілген өнімнің кері қайтарылған көлемі декалитрде көрсетіледі.

27. Нысандағы 24-бағанда жеткізушінің жеке сәйкестендіру нөмірі немесе бизнес-сәйкестендіру нөмірі көрсетіледі.

28. Нысандағы 25-бағанда жеткізуші заңды және жеке тұлғаның атауы көрсетіледі.

29. Нысандағы 26-бағанда есепті кезеңде заңды және жеке тұлғаларға этил спирті және (немесе) алкоголь өнімі (толысылған шараптан басқа) жөнелтілген өнімнің түрі көрсетіледі.

30. Нысандағы 27-бағанда есепті кезеңде заңды және жеке тұлғаларға жөнелтілген бөтелкенің саны (бөтелкеге құйылған алкоголь өнімі үшін) данада көрсетіледі.

31. Нысандағы 28-бағанда есепті кезеңде заңды және жеке тұлғаларға жөнелтілген бөтелкенің сыйымдылығы (бөтелкеге құйылған алкоголь өнімі үшін ) данада көрсетіледі.

32. Нысандағы 29-бағанда есепті кезеңде заңды және жеке тұлғаларға жөнелтілген көлемі декалитрде көрсетіледі.

33. Нысандағы 30-бағанда алушының жеке сәйкестендіру нөмірі немесе бизнес-сәйкестендіру нөмірі көрсетіледі.

34. Нысандағы 31-бағанда алушы заңды және жеке тұлғаның атауы көрсетіледі.

35. Нысандағы 32-бағанда этил спиртінің және (немесе) алкоголь өнімінің (толысылған шараптан басқа) күннің соңындағы өнімнің қалдығы көрсетіледі.

Қазақстан Республикасы  
Премьер-Министрінің  
орынбасары -  
Қаржы министрінің  
2022 жылғы 14 сәуірдегі  
№ 412 бұйрығына  
5-қосымша  
Акциздік бекеттің қызметін  
ұйымдастыру қағидаларына  
5-қосымша

НЫСАН

**Бензинді (авиациялық бензинді қоспағанда) және дизель отынын, газохолды, бензолды, мұнай еріткішін, жеңіл көмірсулардың қоспаларын, экологиялық отынды өткізу (тиеп жөнелту) көлемі туралы есебі 20 \_\_\_жылғы \_\_\_\_\_ жағдай бойынша**

№	Өндірушінің бизнес сәйкестендіру нөмірі (бұдан әрі - БСН)	Өндіруші кәсіпорының атауы	Мұнай өнімінің түрі	Дара сәйкестендіру коды	Тиеп жөнелтілген бензин (авиациялық бензинді қоспағанда) және дизель отын, газохол, бензол, мұнай еріткіші, жеңіл көмірсулардың қоспалары, экологиялық отын (тоннада)	Операция коды	Ілеспе жүкқұжатының күні	Ілеспе жүкқұжатының нөмірі
1	2	3	4	5	6	7	8	9

Кестенің жалғасы

Алушының БСН-і	Бензин (авиациялық бензинді қоспағанда) және дизель отынын, газохолды, бензолды, мұнай еріткішін, жеңіл
----------------	---------------------------------------------------------------------------------------------------------

	Алушы кәсіпорынның атауы	көмірсулардың қоспаларын, экологиялық отынды жеткізу мекенжайы	Тиеп жөнелту түрі (темір жол, автокөлік, құбыр желісі арқылы)
10	11	12	13

Орындаушы: \_\_\_\_\_

тегі, аты, әкесінің аты (егер ол жеке басты куәландыратын құжатта көрсетілсе) байланыс телефоны

Нысанды толтыру бойынша түсіндірме осы нысанға қосымшада келтірілді.

Бензинді (авиациялық бензинді қоспағанда) және дизель отынын, газохолды, бензанолды, мұнай еріткішін, жеңіл көмірсулардың қоспаларын, экологиялық отынды өткізу (тиеп жөнелту) көлемі туралы есебінің нысанына қосымша

**"Бензинді (авиациялық бензинді қоспағанда) және дизель отынын, газохолды, бензанолды, мұнай еріткішін, жеңіл көмірсулардың қоспаларын, экологиялық отынды өткізу (тиеп жөнелту) көлемі туралы есебі" нысанын толтыру бойынша түсіндірме**

## 1. Жалпы ережелер

1. "Бензинді (авиациялық бензинді қоспағанда) және дизель отынын, газохолды, бензанолды, мұнай еріткішін, жеңіл көмірсулардың қоспаларын, экологиялық отынды өткізу (тиеп жөнелту) көлемі туралы есебі" әкімшілік деректерді жинауға арналған нысан (бұдан әрі – Нысан) осы бұйрықпен бекітілген Акциздік бекеттің қызметін ұйымдастыру қағидаларының 12-тармағына сәйкес әзірленді.

Нысанды жүргізудің негізгі міндеті бензинді (авиациялық бензинді қоспағанда) және дизель отынын, газохолды, бензанолды, мұнай еріткішін, жеңіл көмірсулардың қоспаларын, экологиялық отынды өткізу (тиеп жөнелту) көлемі бойынша мәліметтерді алу.

2. Нысанды акциз бекетінде болғаннан кейінгі келесі жұмыс күні аумақтық мемлекеттік кірістер органдарының қызметкері толтырады, Нысанды ақпараттық жүйе арқылы Комитетке беруді қамтамасыз етеді.

3. Нысан мұнай өндіруші кәсіпорындар ұсынған деректер негізінде толтырылады және ұсынылады.

## 2. Нысанды толтыру бойынша түсіндірме

4. Нысанның 1-бағанында реті бойынша нөмірі көрсетіледі.
5. Нысанның 2-бағанында өндірушінің бизнес-сәйкестендіру нөмірі көрсетіледі.
6. Нысанның 3-бағанында өндіруші кәсіпорынның атауы көрсетіледі.
7. Нысанның 4-бағанында бензиннің (авиациялық бензинді қоспағанда), дизель отыны, газехолдың, бензолдың, мұнай еріткішінің, жеңіл көмірсулар қоспаларының, экологиялық отынның түрі көрсетіледі.
8. Нысанның 5-бағанында дара сәйкестендіру коды көрсетіледі.
9. Нысанның 6-бағанында тиеп жөнелтілетін мұнай өнімінің көлемі (тоннада) көрсетіледі
10. Нысанның 7-бағанында операцияның коды көрсетіледі.
11. Нысанның 8-бағанында ілеспе жүккұжаттың күні көрсетіледі.
12. Нысанның 9-бағанында ілеспе жүккұжаттың нөмірі көрсетіледі.
13. Нысанның 10-бағанында алушының бизнес-сәйкестендіру нөмірі көрсетіледі.
14. Нысанның 11-бағанында алушы кәсіпорынның атауы көрсетіледі.
15. Нысанның 12-бағанында бензиннің (авиациялық бензинді қоспағанда), дизель отыны, газехол, бензол, мұнай еріткішінің, жеңіл көмірсулар қоспалары , экологиялық отынды жеткізу мекенжайы көрсетіледі.
16. Нысанның 13-бағанында тиеп жөнелту түрі (теміржол, автокөлік, құбыржелісі арқылы) көрсетіледі.

Қазақстан Республикасы  
Премьер-Министрінің  
орынбасары -  
Қаржы министрінің  
2022 жылғы 14 сәуірдегі  
№ 412 бұйрығына  
6-қосымша  
Акциздік бекеттің қызметін  
ұйымдастыру қағидаларына  
6-қосымша

НЫСАН

**Темекі өнімдерін өндіретін кәсіпорындардың темекі өнімдерін өндіру, өткізу (оның ішінде экспорт) және импортының көлемі туралы есебі 20 \_\_ жылғы \_\_\_\_\_ жағдай бойынша**

Мың дана						
№	Өндірілген темекі өнімдері	Темекі өнімдерінің импорты	Темекі өнімдерін өткізу			
			Барлығы	Отандық өндіріс	Импорт өндірісі	Экспортқа
1	2	3	4	5	6	7

Орындаушы: \_\_\_\_\_

тегі, аты, әкесінің аты (егер ол жеке басты куәландыратын құжатта көрсетілсе)  
байланыс телефоны

Нысанды толтыру бойынша түсіндірме осы нысанға қосымшада келтірілді

Темекі өнімдерін өндіретін  
кәсіпорындардың темекі  
өнімдерін өндіру, өткізу (оның  
ішінде экспорт) және  
импортының көлемдері  
туралы есебінің нысанына  
қосымша

**"Темекі өнімдерін өндіретін кәсіпорындардың темекі өнімдерін өндіру, өткізу (оның ішінде экспорт) және импортының көлемдері туралы есебі" нысанын толтыру бойынша түсіндірме**

## **1. Жалпы ережелер**

1. "Темекі өнімдерін өндіретін кәсіпорындардың темекі өнімдерін өндіру, өткізу (оның ішінде экспорт) және импортының көлемдері туралы есебі" әкімшілік деректерді жинауға арналған нысан (бұдан әрі – Нысан) осы бұйрықпен бекітілген Акциздік бекеттің қызметін ұйымдастыру қағидаларының 12-тармағына сәйкес әзірленді.

Нысанды жүргізудің негізгі міндеті темекі өнімдерін өндіру және импортының көлемі бойынша мәліметтерді алу.

2. Нысанды акциз бекетінде болғаннан кейінгі келесі жұмыс күні аумақтық мемлекеттік кірістер органдарының қызметкері толтырады, Нысанды ақпараттық жүйе арқылы Комитетке беруді қамтамасыз етеді.

3. Нысан темекі өнімдерін өндіретін кәсіпорындар ұсынған деректер негізінде толтырылады және ұсынылады.

## **2. Нысанды толтыру бойынша түсіндірме**

4. Нысанның 1-бағанында реті бойынша нөмірі көрсетіледі.

5. Нысанның 2-бағанында өндірілген темекі өнімдерінің саны мың данада көрсетіледі.

6. Нысанның 3-бағанында импортталатын темекі өнімдерінің саны мың данада көрсетіледі.

7. Нысанның 4-бағанында өткізілген темекі өнімдерінің жалпы саны мың данада көрсетіледі.

8. Нысанның 5-бағанында өткізілген отандық өндірілген темекі өнімдерінің саны мың данада көрсетіледі.

9. Нысанның 6-бағанында өткізілген импорттық өндірілген темекі өнімдерінің саны мың данада көрсетіледі.

10. Нысанның 7-бағанында экспортқа өткізілген темекі өнімдерінің саны мың данада көрсетіледі.

Қазақстан Республикасы  
Премьер-Министрінің  
орынбасары -  
Қаржы министрінің  
2022 жылғы 14 сәуірдегі  
№ 412 бұйрығына  
7-қосымша  
Акциздік бекеттің қызметін  
ұйымдастыру қағидаларына  
7-қосымша

### Акцизделетін өнімдердің өндірісі мен өткізуін есепке алу журналы

Күні	Салық төлеушінің атауы	Салық төлеушінің бизнес сәйкестендіру нөмірі	Акцизделетін өнімдердің өндірісі және өткізуі (этил спирті мен алкоголь өнімі үшін - декалитр, темекі өнімі үшін – мың дана, бензин (авиациялық бензинді қоспағанда) және дизель отыны, газохол, бензол, мұнай еріткіші, жеңіл көмірсулар қоспалары, экологиялық отын үшін – тонна)						Күннің соңында қалдық	Акциз делетін өнімді өндірушінің жауапты адамының тегі, аты, әкесінің аты (егер ол жеке басын куәландыратын құжатта көрсетілсе) және қолы	Мемлекеттік кірістер органының лауазымды қызметкерінің тегі, аты, әкесінің аты (егер ол жеке басын куәландыратын құжатта көрсетілсе) және қолы
			Күннің басындағы қалдық	Бір күнде өндірілгені	Өндіріске жіберілгені	Өндірістік шығындар	Бір күнде өткізілгені	Күннің соңында қалдық			
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11	